



Автор: Торақбаева Жайна қыдырбекқызы

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 7-сынып

Бөлім: XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы

Тақырып: Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.2.2 – Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау (2 сабақ)
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Кіші жүздің Ресейге қосылу себептерін анықтайды Оқушылардың басым бөлігі: Ресей империясының Қазақстанға жүргізген саясатының өзгерістерін сәйкестіру Кейбір оқушылар: : Әбілхайыр ханның Ресеймен одақтасудағы басты мақсатын анықтап, қазақ елінің геосаяси жағдайына қортынды жасайды
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздіктер мен терминдер: Басыбайлы шаруа, Оппозиция, Экспедиция Диалог құруға: Кіші жүздің Ресейге қосылу себептері..... Әбілқайыр хан Ресейге қосылуда бірнеше мақсатты көздеді, себебі..... Кіші жүздің Ресейге қосылуының салдары мынадай..... Қазақ хандығы Ресейге қосылу нәтижесінде еркіндігінен айырылды,оның зардаптары.....
Күтілетін нәтиже:	Кіші жүздің Ресейге қосылу себептері мен нәтижесін анықтайды, Ресей империясына қосыла бастауының себептерін зерттей алады; Әбілхайыр ханның Ресеймен одақтасудағы басты мақсатын анықтайды; Қазақ елінің сол кезеңдегі ішкі жағдайы мен сыртқы геосаяси жағдайына қортынды жасай алады.
Бағалау критерийлері:	Кіші жүздің Ресейге қосылу себептері мен нәтижесін анықтау; -Ресей империясына қосыла бастауының себептерін зерттеу; - Әбілхайыр ханның Ресеймен одақтасудағы басты мақсатын анықтау ; -Қазақ елінің сол кезеңдегі ішкі жағдайы мен сыртқы геосаяси жағдайына қортынды жасау.
Құндылықтарды дарыту:	Толеранттылық сананы қалыптастыру; -Шығармашылық, сыни ойлау дағдыларын дамыту; -«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы халықтардың достық пен келісім дәстүрін сақтауды қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақтаны қолдану, суреттер, карта
Пәнаралық байланыс:	Дүниежүзі тарихы, география
Бастапқы білім:	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы (1сабақ) «Тізбек бойынша сұрау» әдісі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	І. Психологиялық ахуал тудыру. Тренинг: «Гүлмен тілек». Топқа біріктіру: санау арқылы ; Қазақ жүздерінің атауымен : 1 – топ «Ұлы жүз» 2 – топ «Орта жүз» 3 –топ «Кіші жүз». Алдыңғы сабақ білімдері: «Тізбек бойынша сұрау» әдісі. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу «Ой қозғау» әдісі	Қағаздардан жасалған гүлдер, құмыра Кеспе қағаздар. стикер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Топтық жұмыс. «Ротация»әдісі. Нұсқау: «Ротация» әдісі арқылы жаңа тақырып меңгертіледі. Ол үшін үш топқа проблемалық сұрақтартасталады. 1 топ: Кіші жүздің Ресейге қосылу себептері; 2 топ: Ресей империясы қазақ өлкесін жан -жақты зерттеу мақсаты; 3 топ: Ресейдің отарлау саясатының оң және теріс факторлары; Әр топ жұмыстанады. Сол бойынша таратылған плакаттарға жазып,топ алдында қорғайды. «Сәйкестендіру» әдісі, «Екі дәлел келтір» әдісі,	Түрлі түсті маркерлер,плакат Дәптер мен жұмыс. Оқулық. З.Е Қабылдинов, Ж.Н Қалиев, А.Т. Бейсембаев «Атамұра»,2018
Сабақтың соңы	Кері байланыс: «Білім ағашы» әдісі	Таратпа материалдары, стикер
Рефлексия	Рефлексия. « Шахмат» әдісі	шахмат